

А. Нұрбеков, 2-курс

Ғылыми жетекші — С. Қ. Алтайбаев, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАУДЫҢ ПРОБЛЕМАСЫ

Бәрімізге белгілі, соңғы кездері әлеуметтік желілерде суицидті насихаттайтын «Синий кит», «Тихий дом» топтары тарап жатыр. Ойынға кірген балалар тапсырмалар орындауы қажет, оның ішінде тамырыңды кесу керек және қолыңа киттің суретін салу керек деген сияқты тапсырмаларды орындау қажет, соңында олар өздеріне қол жұмсауы тиіс. Сонымен қатар, ойын модераторлары ойыншы ойнаған туралы мәліметтерді біліп отырадыⁱ. Өзінің өмірі үшін емес, отбасы мен туысқандарының өмірі үшін қорыққан жасөспірімдер, ақырында өздеріне қол жұмсайды. Осы әрекет бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 105-бабы, 6-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылады, онда «Жәбірленушіні қорқыту, оған қатыгездікпен қарау немесе оның адами қадір-қасиетін үнемі қорлау арқылы адамды өзін-өзі өлтіруге дейін немесе өзін-өзі өлтіруге баруға дейін жеткізгені» үшін үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Қазақстан Республикасы ІІМ мәліметінше, 2016 жылы кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған іс-әрекеттер бойынша тоғыз қылмыстық іс жүргізілген, алайда олардың әлеуметтік желі арқылы жасалғаны расталған жоқ. Топтың «Синий кит» деп аталу себебі — көк киттер мұхиттың жағасына шығып қалу арқылы өлетін көрінеді. Яғни топтың философиясы — өмір теңізінен өз еркіңмен шығып кету болып табылады.

Соңғы мәліметтерге сүйенетін болсақ, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметінше 2017 жылы кәмелетке толмаған балалар арасында жасалған 20 суицид оқиғасы тіркелген. Бұл 2016 жылмен салыстырғанда 42 пайызға (14 жағдай) көпⁱⁱ.

Прокурорлар алдын алу жұмыстары кезінде «ВКонтакте» желісінің өзінде 12 топтың жастарды өлімге шақыратынын анықтаған. Олардың ішінде әйгілі «Көк кит» те бар. Тексере келгенде 15—17 жастағы жасөспірімдердің суицидке бейім екендігі анықталды. Олардың мұндай күйге түсуіне ата-аналарымен сөзге келуі, жеке басындағы сәтсіздіктер мен әлденеден қорқуы себеп болыпты. Қауіпті ойынға шырмалған олар желіде тіпті қашан өлетінін де жариялаған.

Шығыс Қазақстанда да екі оқушы осы ойынды ойнамақ болған. Прокурорлар оларды дер кезінде тоқтатыпты. «8-ші сынып оқушысы «Синий кит» ойынының 2-ші кезеңіне жеткен екен. Біз балаларды «ВКонтакте» желісінен анықтадық. Оларға ойын барысында 1—2 сағатқа музыка тыңдап, қолдарына қаламсаппен киттің кескінін салу тапсырылыпты. Қазір балалардың жағдайы жақсы. Олармен психологтар жұмыс жүргізіп жатыр» — дейдіⁱⁱⁱ.

Қарағандылық 19 жастағы бойжеткен өз-өзіне қол салған, оған «Көк кит» суицидтік тобы ықпал еткен деген болжам бар. Бойжеткеннің туысы Галина Сибирякованың айтуынша ол ванна бөлмесінде 6 ақпанға қараған түні асылып қалған. «Қарындасым «Көк кит» қауіпті

ойыны салдарынан өмірмен қош айтысты деп күдіктенемін. Бұл жан түршігерлік ойынды «Тихий дом» деп атағанына не дерсің. Модератор жасөспірім орындауы тиіс тапсырма береді, мысалы, лезвиямен қолында кит суретін салу. Соңғы тапсырма — өлімге алып келеді», — деді оның ағасы Марат. Қайғылы оқиға барлығы ұйықтап жатқан кезде, түнде болған. Ата-аналары қызының оянып, ваннада шомылып жатқанын естіген. Ал таңғы сағат алтыда оның өліп жатқанын көрген. «Оның телефонын ашқан кезде «Көк кит» және «Тихий дом», «4:20 мен ойындамын» деген сөздерді тауыпты^{iv}. «Маған осы ойынның қалай жүретіні қызық болды, неге 50 күн өткеннен кейін балалар өздеріне қол жұмсайды? Сонымен досымыз екеуіміз ВКонтакте желісінде екі жалған аккаунт аштық, маған бір адам шықты және досыма да. Екі түрлі адам шығып, күнде тапсырмалар бере бастады. Бірінші тапсырма қолға көк киттің суретін салу болды. Құдайға шүкір фотошоп барлығын істеп берді. Күн сайын жаңа тапсырмалар беріле бастады. Соңғы 50-ші күні таңдау керек болды. «Асылып өлу» немесе «секіріп өлу». Ойынның соңы өлім. Сол кезде мен қорқатынымды айттым, маған бір сілтеме келді. Сілтемені басқанымда «404 бет табылған жоқ» деген жазу шықты. Осыдан кейін 10 минут уақыт өткенде ол маған былай деп жазып жіберді: «Егер өз-өзіңе қол жұмсамасаң, мен сенің ата-анаңды өлтіремін», — деп менің мекен жайымды қай пәтерде тұратынымды жазып жіберді. Сол кезде маған олардың қалай жасайтынына көзім жетті^v, — деп жазды қолданушы.

Бұндай өмір кез келген баланың басынан өтуі мүмкін. Түсініксіз жағдайлар болып жатса ата-аналарға, аға, әпкелеріне және полиция қызметкерлеріне хабарлап, болған мән-жайларды айтып бергендері жөн. Құзырлы органдар өздерінің тарапынан оларға не істеу керек екенін айтады немесе тиісті шаралар қолданатыны анық.

ⁱ szh.kz және nur.kz — gamshy.k

ⁱⁱ Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2017 жылғы мәліметі // prokuror.gov.kz

ⁱⁱⁱ <https://www.nur.kz/1402279-bqo-da-kok-kit-oyynyna-shyrmalghan-oqushy.html>

^{iv} <https://szh.kz/19093/qazaqstanda-koek-kit-suitsidke-itermeleytin-oyyny-bughattaldy/>

^v <http://qamshy.kz/Home/Show/15366>